

«Алпамыс» бөбекжай бақшасы КМҚК

«Білім еліне саяхат»
(Ұйымдастырылған ойын іс әрекеті)

«Зерттеуші бүлдіршін» ересек топ
Тәрбиеші: Тұяқбаева.Қ.О

Қызылорда, 2025 жыл

Тақырыбы: «Білім еліне саяхат»

Коммуникативтік дағдыларды дамыту .

Ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті: Сөйлеуді дамыту.

Міндеттері: Балаларға 1-қыркүйек Білім күні жайында түсінік беру.

Балалардың білімге қызығушылығын арттыру. Балабақша, тәрбиеші, достар туралы ұғымдарын кеңейту. Ұжыммен жұмыс істеу, тыңдай білу дағдыларын дамыту.

Кіріктірілген : Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап

Ресурстар: Таратпа материалдар, түрлі-түсті заттар, пішіндер, түрлі-түсті қағаздар, желім, ақ қағаз, доп, сандық.

Барысы:


Балалар, сендер білесіңдер ме? Кеше 1 қыркүйек білім күні! Барлық мектептерде алғашқы қоңырау соғылды. Оқушылар алғаш партаға отырып апайларымен, достарымен танысты.

-Дұрыс айтасыңдар ! Бізде бүгін «Білім әлеміне» қызықты саяхат жасаймыз!

Ойын арқылы саяхат бастау үшін көңілімізді көтеріп поездға отырамыз.

-Біз қандай баламыз? Ақылды, мейірімді баламыз.

Бірінші аялдама: «Ұқыпты бала »



Ойын: «**Көлеңкесін тап**» ойынын ойнаймыз. Алдарыңда сөмке берілген сол сөмке бетіндегі көлеңкесі тұрған заттарды тауып орналастырасыңдар.

Жарайсыңдар, балалар біз сөмкемізге қандай құралдар жинадық? Балалар жауабы. Дұрыс айтасыңдар. Саяхатымызды жалғастырамыз.



Екінші аялдама: «Түстер әлемі»



Ойын: «Түстерді атап орналастыр!»

Балалар түрлі түсті шеңберді түсіне қарай ретімен атап орналастырады. Кім бірінші болса жеңіске жетеді. Балалар түстерін атайды.



Үшінші аялдама: «Пішіндер қаласы»



Ойын: «Пішіндерді жапсыр»

Балаларға пішіндер беріледі. Дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш фигуралардан балабақша құрастырып жапсырады.



Төртінші аялдама «Достық мекені»



Ойын: «Менің досым кім?» Балалар шеңбер бойында допты бір-біріне лақтырып есімін атайды. Достарының жақсы жағын айтады.



Бесінші аялдама: «Ән мен би»



Қимылды ойын: «Биле тоқта!»

Балалар музыкамен билейді, музыка тоқтағанда қозғалысты да тоқтатады.



Жарайсыңдар, Балалар, көңіліміз көтерілді ме? Сендердің бүгінгі ойын іс-әрекетінен не түйгендерінді сұрақ қойып білгім келіп отыр. Сендерге дайындаған сандықшада сыйлық бар.



Балалар, ойын іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Барлығың жақсы қатыстыңдар сендерге рахмет!

